



ШОЛУ ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР

QAZAQSTAN IGF 2023: ИНТЕРНЕТТИ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ФОРУМ

2023 жылғы 18 қазан

Қазақстан, Алматы




МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ	2
МАҢЫЗДЫ СӘТТЕР	4
ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР	5
ФОРУМНЫҢ АШЫЛУЫ	7
1-СЕССИЯ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ИНТЕРНЕТТИ КӨПЖАҚТЫ БАСҚАРУ	7
2-СЕССИЯ: АЛГОРИТМДЕР МЕН ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ.....	8
2-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: АЛГОРИТМДЕР МЕН ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ	9
ҚР ЦДИАӨМ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ МЕН ИНФОРМАТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӨЗІРЛЕМЕЛЕР ИНСТИТУТЫ — ІСІ БУХАРЕСТ АРАСЫНДА МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЮ	10
3-СЕССИЯ: МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ: БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ БІРДЕН	11
3-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ: БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ БІРДЕН.....	11
4-СЕССИЯ: АПАТТАР МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ИНТЕРНЕТТИҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ	12
4-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: АПАТТАР МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ИНТЕРНЕТТИҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ.....	13
5-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР РЕЙТИНГІ. ІРІ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ	14
5-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:	15
ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР РЕЙТИНГІ. ІРІ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ	15
6-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҮШІН ЦИФРЛЫҚ КӘСІПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ	16
6-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҮШІН ЦИФРЛЫҚ КӘСІПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ	16
7-СЕССИЯ: ЖАҒАҢДАНҒАН НАРЫҚТАҒЫ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РЕТТЕУ	17
7-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЖАҒАҢДАНҒАН НАРЫҚТАҒЫ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РЕТТЕУ	17
8-СЕССИЯ: ЗАҢНАМАНЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ. ЦИФРЛЫҚ КОДЕКСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ.....	18
8-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЗАҢНАМАНЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ. ЦИФРЛЫҚ КОДЕКСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ.....	19
9-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БҰЗЫЛУҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ	19
9-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БҰЗЫЛУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ	20
10-СЕССИЯ: КРИПТОВАЛЮТАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ	21
10-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: КРИПТОВАЛЮТАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ	21
11-СЕССИЯ: ДЕРЕКТЕР САЯСАТЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР НАРЫҒЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ РЕТТЕУ	22
11-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ДЕРЕКТЕР САЯСАТЫ: ҚАЗАҚСТАН	

РЕСПУБЛИКАСЫҢДАҒЫ ДЕРЕКТЕР НАРЫҒЫН ДАМУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ.....	23
12-СЕССИЯ: ТЕЛЕКОМ САЛАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ, 5G-ГЕ КӨШУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ	23
12-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ТЕЛЕКОМ САЛАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ, 5G-ГЕ КӨШУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЕҢСЕРУ ЖОЛДАРЫ	24
БАСПАСӨЗ БАСЫЛЫМДАРЫ.....	25
БАҚ-ТА ЖАРИЯЛАУ:.....	25
БАЙЛАНЫСТА БОЛЫҢЫЗ	26

МАҢЫЗДЫ СӘТТЕР

- 2023 жылғы 18 қазанда Бірінші Qazaqstan IGF 2023: Алматы қаласында, SmArt.Point-та [Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум](#) өтті.
- Форумға интернетті басқару мен киберқауіпсіздікке қатысты көптеген мәселелерді талқылау бойынша мемлекеттік органдардың, жеке сектордың, азаматтық қоғамның және академиялық ортаның өкілдері қатысты.
- 150-ден астам қатысушылар мен 300 онлайн тыңдаушылар арасында мемлекеттік органдардың (Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Ақпараттық қауіпсіздік комитеті, Мәдениет және ақпарат министрлігі), БҰҰ-ның Қазақстандағы миссиясының, ЕҚЫҰ-ның, АҚШ Бас консулдығының, USAID, ҚР Парламенті Мәжілісінің және басқа да көптеген өкілдері болды.
- Криптовалюталарды реттеуден бастап дербес деректерді қорғауға дейінгі өзекті тақырыптары бар 13 панельдік сессия өткізілді.
- Qazaqstan IGF шеңберінде мемлекетаралық деңгейде маңызды оқиға атап айтқанда Қазақстан Республикасы ЦДИАӨМ ақпараттық қауіпсіздік комитеті мен Румынияның дербес деректерін қорғау мәселелері жөніндегі ұлттық реттеушісі арасында меморандумға қол қою өтті.
- Қазақстанның онлайн платформалары «Цифрлық құқықтарды сақтау рейтингінің 2023» нәтижелерін ұсынды. Нәтижелері бойынша: Kaspersky – 2023 үздік компания, Krishna.kz – 2023 үздік сервис, Chocofamily – Privacy compliance 2023.
- Қазақстандағы интернетті басқару жөніндегі 1-ші Ұлттық Форум баспасөзде кеңінен жарияланды. Форумда 16 БАҚ аккредиттелген. 21 жетекші БАҚ, соның ішінде телетрансляцияда, фоторепортаждарда және жаңалықтар мақалаларында айтылған.



ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Qazaqstan IGF миссиясы барлық азаматтар мен қатысушылар үшін ашық, инновациялық және қауіпсіз болып табылатын Қазақстанда киберкеңістікті қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу болып табылады. Біз қоғамның, бизнестің және мемлекеттің мүдделерін ескере отырып, интернетті теңгерімді басқаруды қамтамасыз етуге тырысамыз.

Qazaqstan IGF Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен өткізілетін интернетті басқару жөніндегі жаһандық форумның (The Internet Governance Forum) бөлігі болып табылады. IGF аймақтық және ұлттық бастамалары төрт құрлықтағы 85 елде және 17 аймақта ұсынылған.

Qazaqstan IGF – бұл интернетті басқару және киберқауіпсіздікке қатысты көптеген мәселелерді талқылау үшін мемлекеттік органдар, жеке сектор, азаматтық қоғам және академиялық орта өкілдерінің қатысуымен жыл сайынғы бірегей ұлттық интернетті басқару жөніндегі форум.

Ұйымдастырушылар:



КОМИТЕТ ПО ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
МИНИСТЕРСТВА ЦИФРОВОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Серіктестер:



SmArt.Point





KazMediaNetwork

Бас ақпараттық серіктес:



Ақпараттық серіктестер:



Сілтемелер

1. Qazaqstan IGF (<https://igf.kz>)
2. Qazaqstan IGF алаңдарынан тікелей эфир жазбалары (<https://www.youtube.com/@IGFQazaqstan/streams>)
3. Qazaqstan IGF әлеуметтік желілерде (<https://www.instagram.com/igf.kz>; <https://www.facebook.com/igf.qazaqstan/>; <https://t.me/igfkz>)

ФОРУМНЫҢ АШЫЛУЫ



Саркис Дарбинян, Eurasian Digital Foundation бас кеңесшісі Қазақстанда интернетті басқару жөніндегі бірінші Ұлттық форумды аша отырып: *«Біз сіздермен деректерді пайдаланудың артып келе жатқанын көріп отырмыз, бұл деректер жылыстауда, оларды айла-шарғы жасауда және бұл, әрине, біздің цифрлық шындығымызды өзгертіп жатқаны сөзсіз. Біз құпиялылық пен абыройға нұқсан келтірмейтін қауіпсіз, әділ және ашық цифрлық болашақты құру бойынша жұмысты жалғастыруымыз керек және мен Qazaqstan IGF барлық қатысушыларын осыған үлес*

қосуға шақырамын. Күн тәртібіндегі басты сұрағы: интернетті кім басқарады? – интернетті сіз бен біз, әрқайсымыз, азаматтық қоғам, мемлекет, академиялық қоғамдастық және бизнес өкілдері басқарады. Сондықтан, цифрлық болашақ біздің мүдделеріміз бен мақсаттарымызға сай болуы үшін әрқайсымыз бір нәрсе жасай аламыз» - деп сөз сөйледі.



БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі **Властимил Самек**: *«Киото қаласында жаһандық IGF өткеннен кейін бірден Қазақстандағы ұлттық IGF басталатыны іс жүзінде өте қызықты. БҰҰ-да талқыланатын интернетті басқарумен байланысты барлық мәселелерді Антонио Гутерриш Жаһандық форумда атап өтті және біз бүгін осыған аса назар аударуымыз керек»* - деп атап өтті.



Михаил Анисимов, Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы жаһандық өзара іс-қимыл жөніндегі ICANN менеджері өзінің кіріспе сөзінде Қазақстанды бірінші IGF-пен құттықтады: *«Орталық Азия өте белсенді және тұрақты қызығушылық танытып отыр, сіздерді алғашқы Қазақстандық Internet Governance Forum басталуымен құттықтаймын»*.

1-СЕССИЯ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТӘСІЛІ РЕТІНДЕ ИНТЕРНЕТТІ КӨПЖАҚТЫ БАСҚАРУ

Тұрақсыз геосаяси жағдайда ашық және еркін интернетке қол жеткізу мәселесі маңызды мәнге ие болады. Онлайн кеңістікті реттеудің жаңа ережелері құрылуда, нарыққа үздіксіз цифрлық өзара іс-қимыл жағдайында азаматтардың құқықтары мен бизнес мүдделерін қандай да бір түрде айқындайтын және түзететін ЖИ және үлкен деректер технологияларына негізделген жаңа өнімдер шығуда. Барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін интернетті теңгерімді басқару ғана Қазақстандағы цифрлық адам құқықтарын шектемей, бірақ кепілдік бере отырып, цифрлық экономиканы, сондай-ақ инновацияларды дамыту үшін жағдай жасауға қабілетті.

1. Бұл сессияның модераторы болып Eurasian Digital Foundation бас кеңесшісі **Саркис Дарбинян** сөз сөйледі.



2. **БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек:** «Мен Интернетті басқару жөніндегі осы форумның БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) сәйкес келетініне өте ризамын. Қазақстандағы ТМД-ға қол жеткізу динамикасы өте жақсы, ең алдымен, БҰҰ кеңсесі еліміздегі көптеген жергілікті, жас стейкхолдерлермен белсенді жұмыс істеп жатқандықтан. Интернетті басқару мәселесі тұрақтылыққа қол жеткізу Интернетті

басқару мәселесі тұрақтылыққа қол жеткізу мәніменінде маңызды болып табылады» – деп атап өтті.



3. **Михаил Анисимов, ICANN Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы жаһандық өзара іс-қимыл жөніндегі менеджері:** «Бүгінгі таңда IGF-ке екі көзқарас бар, бірінші көзқарас-бұл платформа өзін дәлелдеді және қазіргі түрінде тиімділігін көрсетеді, тағы бір көзқарасты Жаһандық Оңтүстік деп аталатын елдері қолдайды, олар IGF тек мультистейкхолдерлік платформа ғана емес, сонымен қатар жекелеген бизнес, мемлекет және азаматтық қоғам өкілдерінің дауысы тек кеңесу деңгейінде ескерілуі тиіс

мемлекетаралық платформа болуы керек деп санайды. Біз өзіміз көріп отырған рөл, ICANN-дің дүние жүзіндегі үкіметтермен өзара әрекеттесудегі рөлі және біз мультистейкхолдерлік тәсілдің қалай жұмыс істеуі керектігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Мемлекеттің рөлі онлайн платформалар өсіп даму алатын орта мен реттеушілікті құру» – деп мәлімдеді.



4. «Цифрлық Қазақстан» қауымдастығының төрағасы **Денис Степанов:** «Тұтынушылардың құқықтары, оның ішінде дербес деректерді қорғау құқықтары бірінші орында Технология бизнесті итермелейді. Кейде мемлекеттік органдарда бір нәрсенің дамуы үшін оны реттеу керек деген пікір бар, бірақ олай емес. Бұл саланы қайда және қалай дамыту керектігін бизнестің өзі біледі, ал мемлекеттің міндеті – одан әрі қадам басуға болмайтын тұстарды анықтау».



5. Eurasian Digital Foundation төрағасы **Руслан Дайырбеков:** «Еуразиялық Цифрлық Қордың миссиясы өзінің мәні бойынша IGF миссиясын көрсетеді, бұл әрбір адамның цифрлық болашағын қамтамасыз ету болып табылады және шын мәнінде бүгін біз цифрлық ортаны құруға ұмтылудамыз. Qazaqstan IGF осы тұрғыда көпжақты тәсілді жүзеге асыруға болатын бірегей алаң болып табылады. Біз бүгін Қазақстан Республикасындағы көптеген мәселелерге үн қойғымыз келеді. Бүгінгі таңда азаматтық қоғам заң шығарушылық процеске

айтарлықтай қатысып, әзірленіп жатқан заң жобаларын талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысып, өз ұсынымдарын ұсынып отырғанын атап өткен жөн» – деді.

2-СЕССИЯ: АЛГОРИТМДЕР МЕН ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ

Интернеттегі ақпараттық кеңістіктер сөз бостандығына, БАҚ плюрализміне, демократияға және жан-жақты қауіпсіздікке үлкен әсер ететін жасанды интеллектті (ЖИ) қоса алғанда, жаңа технологиялармен қалыптасып, айқындалуда. Аталған сессия аясында халықаралық (шақырылған спикер Юлия Хаас, ЕҚЫҰ) және ұлттық сарапшылар мұның барлығы Орталық Азия өңірі үшін қандай зардаптар әкелетіні туралы мәселені көтеріп, цифрлық дәуірде әр түрлі және қоғамдық қызығушылық тудыратын ақпаратқа қол жеткізуді қорғаудың стратегиялық шараларын талқылады.



Сессия спикерлері:

Юлия Хаас, ЕҚЫҰ өкілдігінің БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі қызметкері

Александр Тулканов, Страсбург университетінің зияткерлік меншікті халықаралық зерттеу орталығының қауымдастырылған зерттеушісі

Бауыржан Рахметов, Maqsut Narikbayev University Халықаралық қатынастар ассистент-профессоры, PhD

Павел Банников, журналист, Factcheck.kz экс-редакторы

Сессия модераторы: Саркис Дарбинян, Eurasian Digital Foundation бас кеңесшісі

2-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: АЛГОРИТМДЕР МЕН ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ


- Әлеуметтік желілердің және басқа да ірі онлайн платформалардың иелеріне олардың алгоритмдері (соның ішінде ЖИ) контентті бағалау және модерациялау қалай жұмыс істейтіні туралы ақпаратты ашу талаптары қойылуы тиіс.
- Цифрлық платформаларды шамадан тыс реттеу оларды контенттің күшейтілген модерациясына жүгінуге мәжбүр етеді, өйткені платформа иелері алгоритмдерді барлық даулы контентті өте қатаң түрде жоятын етіп реттейді, бұл пайдаланушылардың сөз бостандығына құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

- Көбінесе ЖИ модерация алгоритмдері біржақты, ыңғайланған материалдарда жаттығады, мысалы, 2020 жылы Instagram-дағы мәтінді талдайтын ЖИ «Мексикалық» сөзін «заңсыз» сөзімен байланыстырды және оны ір жаман нәрсе деп бағалады.
- Мәселені жаһандық тұрғыдан қарастыратын болсақ, қисынды шешім алдымен офлайн әлеміндегі кемсітушілік пен біржақтылық мәселелерін шешу болар еді, содан кейін оларды онлайн кеңістікте шешу оңайырақ болады.
- Технология бізді жарқын болашаққа жетелейді деген соқыр сенім ұтымды көзқарас емес, утопия.
- Көбінесе ЖИ жергілікті және аймақтық мәнмәтінді, соның ішінде әлемнің танымал емес тілдердегі контентті тексеру мүмкіндігін ескермейді.
- Журналистер, СММ мамандары мен блогерлер үшін ЖИ мәтіндермен, сценарийлермен және т.б. жұмысты айтарлықтай жеңілдетеді, дегенмен ЖИ көмегіне жүгіну арқылы жалған және сенімсіз контент өндірудің күрделі мәселесі әлі де сақталуда.
- Бүкіл әлемде жалған ақпарат тарату науқандарында қолданылып жүрген ЖИ жазған мәтін мен нақты адам жасаған мәтінді ажырату өте қиын болып барады.
- Контентті шектеу немесе пайдаланушы аккаунттарын бұғаттау туралы шешімдер тек жасанды интеллектке қалдыруға болмайды.
- Алгоритмдер мен ЖИ ашықтығын арттыру үшін заңнамалық шаралар қажет.
- Мемлекеттер цифрлық экожүйеде сөз бостандығын толық қамтамасыз ететін құқықтық және саяси негіздерді қабылдауы тиіс.
- ЖИ-ге қатысты кез келген технологиялық және нормативтік шаралар сөз бостандығын, БАҚ бостандығын және басқа да іргелі құқықтарды шектемеу үшін адам құқықтарына негізделуі керек.
- ЖИ саласындағы бәсекелестік өрісті қамтамасыз ету. Осыған байланысты мемлекеттер бірнеше үстем компаниялардың ішінде ЖИ тәжірибесінің шоғырлануына жол бермейтін ережелерді қабылдауы керек.
- ЖИ бойынша барлық ұлттық стратегиялар сөз бостандығы құқығын қорғауды, ақпаратқа қол жеткізуді және бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын қоса алғанда, адам құқықтарын құрметтеуді толығымен ескеруі тиіс.

ҚР ЦДИАӨМ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ МЕН ИНФОРМАТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘЗІРЛЕМЕЛЕР ИНСТИТУТЫ — ІСІ БУХАРЕСТ АРАСЫНДА MEMORANDUMҒА ҚОЛ ҚОЮ

Форум аясында Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті (ҚР ЦДИАӨМ АҚК) мен Информатика саласындағы ұлттық зерттеулер мен әзірлемелер институты— ІСІ Бухарест (Румыния) арасында меморандумға қол қойылды.

ҚР ЦДИАӨМ АҚК төрағасының орынбасары Талғат Сәрсенбайұлы Мұстағұлов Қазақстанда киберқауіпсіздік пен дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар және осы саланы дамыту жоспарлары туралы айтып берді.



Румыния мемлекеті тарапынан қатысқандар:

- **Dr. Eng. Adrian-Victor Vevera**, ICI Bucharest бас директоры
- **Marius-Viorel Vrîncianu**
- **Alexandru Georgescu**

ICI Bucharest өкілі Информатика саласындағы ұлттық зерттеулер мен әзірлемелер институты – ICI Bucharest қызметі туралы «ICI Bucharest Presentation» толық презентациясын ұсынды.

Сонымен қатар, директор Victor Vevera форум аясында «Сыни энергетикалық инфрақұрылым секторындағы киберқауіпсіздік - еуропалық перспективалар» тақырыбында сөз сөйледі.

3-СЕССИЯ: МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ: БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ БІРДЕН

Аталған сессия ҚР Парламентінде қаралып жатқан «Масс-медиа туралы заң жобасын» талқылауға арналды. Спикерлер заң жобасының түйткілді тұстарын талқылап, негіздемелерді ұсына отырып, нормаларды өзгерту жөнінде өз ұсыныстарын білдірді.



Сессия спикерлері:

Игорь Лоскутов, «Инфотехсервис» ЖШС басшысы, медиазаңгер

Анна Мельникова, BlueScreen.kz интернет-басылымның жетекшісі

Әлішер Мұқажан, Мәдениет және ақпарат министрлігінің БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаменті директорының орынбасары

Джамила Маричева, журналист, редактор, продюсер, protenge.kz жобасының негізін қалаушы


Сессия модераторы: Гүлмира Біржанова, «Құқықтық медиа орталығы» ҚҚ тең құрылтайшысы

3-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ: БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ЖӘНЕ БІРДЕН

- «Масс-медиа туралы заң жобасының» қазіргі қалпында бірқатар елеулі кемшіліктерге ие, сессия спикерлері заң мәтінінде үлкен құқықтық тәртіп қажет екенін атап өтті.
- Журналистер, жеке интернет-ресурстар және журналист ретінде әрекет еткісі келетін блогерлер үшін жеке бейіндік заң қажет.
- Осы Заң жобасы бойынша жұмыс топтары апта сайынғы форматта өткізіледі, заң шығарушылық үдеріс журналистік қоғамдастықтың және жай блогер болып қалғысы келетіндердің пікірлерін ескеруі қажет.
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» қолданыстағы заңда жазылғандай, блогерлерді бұқаралық ақпарат құралдарына теңестіру, әдетте, адал бұқаралық ақпарат құралдарына зиян тигізеді, себебі Министрлік әр істі егжей-тегжейлі басын ашпай, интернет-басылымға кіруді соттан тыс шектейді, ал бұл жағдайда зиянкестер жаңа беттер жасап, өз әрекеттерін жалғастырады.
- Заңда міндетті пресс-карталар сияқты журналистердің құқығын шектейтін нормалар болмауы керек.
- ҚР Конституциясында ақпаратты қандай платформада жасалғанына қарамастан, заңды бұзбай ақпарат тарату құқығы бекітілген.
- Тіркелген медианың іздену мерзімін бір жылға дейін қысқарту керек.
- Бұл заңның негізін нөлден құрастыруға тырыспаңыз, өйткені қазірдің өзінде көптеген халықаралық стандарттар бар, мысалы, жаңа медиа туралы Еуропалық директива, Article 19 халықаралық құқық қорғау ұйымы әзірлеген стандарттар және басқа стандарттар.
- «Масс-медиа туралы» заң блогерлер мен интернет-ресурстарға қолданылмай, журналистер ретінде жұмыс істеуге ниет білдірген бұқаралық ақпарат құралдарын реттеп, оларға ерекше құқықтар беруі керек.

4-СЕССИЯ: АПАТТАР МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ИНТЕРНЕТТІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Шатдаун - белгілі бір аймақтарда немесе бүкіл елде интернетті толығымен немесе ішінара өшіру. Шатдаунды мемлекет ТЖ режимі, саяси дағдарыстар, әлеуметтік наразылықтар және т. б. сияқты негіздерде енгізеді. Алайда интернет пайдаланушыларының құқықтары мен бостандықтары үшін шатдаунның салдары қандай? Сайттардың «АҚ тізімі» нені білдіреді және бұл шатдаун сияқты қатал шараның ақтауы бола ала ма? Осы және басқа да көптеген өткір мәселелерге осы сессияның спикерлері жауап берді.



Спикерлер:

Роман Реймер, «Еркіндік қанаты» қоғамдық қорының заңгері

Анастасия Жирмонт, Access Now Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы қоғаммен байланыс жөніндегі аймақтық үйлестіруші (онлайн)

Диана Окременова, «Құқықтық Медиа орталығы» қоғамдық қоры

Алена Кошкина, MediaNet халықаралық журналистика орталығының медиа сауаттылық бағдарламасының жетекшісі

Викрам Рузахунов, Қырғызстаннан келген музыкант, 2022 жылғы қаңтар оқиғаларының құрбаны

Сессия модераторы: Елжан Қабышев, «Digital Paradigm» қоғамдық қорының негізін қалаушы

4-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: АПАТТАР МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ИНТЕРНЕТТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

- Наразылықтар кезінде мемлекет журналистердің қауіпсіздігін сақтау үшін жауапты болуы тиіс және журналистерге өз бостандығы үшін қорықпай наразылықтар барысын жариялауға мүмкіндік беруі тиіс.
- Мемлекет ТЖ кезеңінде өз өкілеттіктерін асыра пайдаланбай, құқықтық шектеулерді пайдалана алады: шектеулер тек «жағдайдың ауырлығы» талап ететін дәрежеде ғана рұқсат етіледі.
- Мемлекет Сиракуза қағидаттарына сәйкес өз пірін білдіру бостандығы мен сөз бостандығы құқығын сақтай отырып, зорлық-зомбылыққа шақыратын жалған ақпараттың таралуына қарсы күресуге тиіс.
- «Сайттардың ақ тізімі» (Деректерді беру желілерінің статикалық мекенжайларының тізілімі) - интернетті өшіру кезінде кіруі шектелмеуі керек сайттардың тізімі. «Ақ тізімнің» кемшіліктері: (1) ақпаратқа қол жеткізуді шектеу; (2) билікті асыра пайдалану тәуекелдері (3) осы тізімге кіру үшін «қоныстануға» мәжбүрлеу болып табылады.
- Интернет (1) халықтың келісілген наразылықтары болмауы үшін, (2) мемлекеттік арналар арқылы халықтың пікірін басқару және (3) күш құрылымдары тарапынан зорлық-зомбылық, кісі өлтіру, азаптау туралы ақпарат таратуға жол бермеу үшін бұғатталады.
- Шатдаунның салдары: (1) күнкөріс қаражаттарының жоқтығы – өйткені цифрландырудың жоғары деңгейіне байланысты адамдар ақшаны интернетте сақтайды; (2) шағын және орта бизнес құлдырауда; (3) сақтық шаралары туралы ақпаратқа тұрақты қолжетімділік жабық (коменданттық сағат, қауіпті аймақтар); (4) шатдаундар террористік шабуылдарға қарсы тиімсіз.
- Интернетті өшіру азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіні туралы ешқандай дәлел жоқ.

- ТЖ режимі әділ сот талқылауына қол жеткізу құқығын шектемеуге тиіс. Соңғы шара ретінде азаматтық және қылмыстық құқықтың процессуалдық нормалары сот өндірісін тоқтата тұруға мүмкіндік береді.
- Полиция бөлімдерінің ғимараттарында «көшпелі» сот отырыстарын өткізу биліктің бөліну қағидатын бұзады, өйткені соттар атқарушы билік органдарының аумағында өтеді; жариялылық қағидатын бұзады, өйткені полиция бөлімдері режимдік мекемелер болып табылады және тиісінше олардың аумағы бақылаушылар мен БАҚ өкілдеріне бару үшін жабық; тараптардың теңдігі қағидатын бұзады, өйткені сот отырыстары ұсталғандарды әкімшілік жауапкершілікке тартатын полиция органдарының үй-жайларында өтеді.

5-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР РЕЙТИНГІ. ІРІ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ

Бағалау үшін Kolesa.kz және Krisha.kz сервистері бар Kolesa Group, Chocolife Family холдингі, Kaspi.kz, Aitu суперқосымшасы және Onau электрондық билет жүйесі сияқты озық және ең танымал қазақстандық цифрлық платформалар таңдалды. Зерттеу мемлекеттік органдармен қарым-қатынас мәнмәтінінде ақпаратты ашуға, адамның цифрлық құқықтарын қорғау стандарттарын сақтауға, сондай-ақ пайдаланушылардың ақпарат бостандығы мен жеке өмірінің құпиялылығына құқықтарын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға бағытталған. Digital Rating 2023 Qazaqstan IGF-те ұсынылды, сондай-ақ бағаланатын компаниялар мен олардың сервистерін үздік компания, үздік сервис және басқалар санаттарында марапаттау рәсімі өтті.



Ranking Digital Rights индикаторларының призмасы арқылы және жоғарыда келтірілген ұсыныстарды сақтай отырып, қарастырылып отырған компаниялар өз қызметтерін қазақстандық digital-нарықта ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де ұсыну мүмкіндігін ашып, өз беделіне сенімді бола алады.

Рейтинг компанияларға корпоративтік жауапкершіліктің келесі деңгейіне өтуге және пайдаланушылардың цифрлық құқықтарын сақтау мен қорғау деңгейін арттыру үшін қандай қосымша күш салу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

2023 цифрлық құқықтарды сақтау рейтингінің жеңімпаздары:

1. 2023 үздік компаниясы – **Kaspi.kz**
2. 2023 үздік сервисі – **Krishna.kz**
3. Privacy Compliance 2023 – **Chocolife Family**

Спикерлер:

Руслан Дайырбеков, DRCQ заңи фирмасының директоры

Келесі бағаланатын компаниялардың өкілдері:

- Kaspi.kz
- Chocofamily holding, **Анвар Бакиев**, Chocofamily компаниясының негізін қалаушы және операциялық директоры
- Kolesa Group, **Мира Кудеринова**, Қазақстандағы «Kolesa Group» басқарушы директоры

Сессия модераторы: Ержан Сүлейменов, тәуелсіз медиа кеңесші



5-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР:

ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР РЕЙТИНГІ. ІРІ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАР ТАРАПЫНАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҒАЛАУ

- Компаниялардың ашықтығын жетілдіру және пайдаланушылардың цифрлық құқықтарын сақтаудың жоғары стандарттарын арттыру мақсатында онлайн платформаларға компанияның жеке өміріне және ақпарат бостандығына (құжаттарда, сайтта, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде) адам құқықтарын сақтауға бейілділігін көрсету ұсынылады.
- Transparency report-ты тұрақты негізде жариялау
- Пайдаланушылар үшін мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардың сұрау салуларын қарау рәсімін ашу
- Пайдаланушылардың шағымдарын қараудың қолжетімді және түсінікті саясатын әзірлеу және жариялау
- Компания даулаған мемлекеттік органдардың заңсыз сұрау салулары туралы ақпаратты ашу.
- Пайдаланушыларға таргеттелген жарнамада олардың деректерін пайдалануды бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ету
- Құпиялылық саясатын және Пайдаланушы келісімін өзгерту тізілімін жүргізу

- Пайдаланушылар туралы жиналған деректердің түрі мен әдісі туралы толық ақпаратты ашу
- Пайдаланушылардың деректерін сақтау мерзімі мен жою тәртібін толық ашып көрсету
- Пайдаланушыларға олардың дербес деректерінің көшірмесін сұрату және алу мүмкіндігін қамтамасыз ету
- Қызметті жасырын пайдалану мүмкіндігін қарастыру
- Пайдаланушыларға жылыстау фактісі туралы дереу хабарлау
- Пайдаланушыларға компанияның өнімдерімен немесе қызметтерімен байланысты киберқауіпсіздік тәуекелдерінен қалай қорғануға болатынын үйрететін тәжірибелік материалдарды жариялау
- Пайдаланушының жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдардың заңды сұрау салуы негізінде бұғатталған ақпаратқа қол жеткізу әрекеті кезінде қандай себеппен (құқыққа қайшы ақпарат санаты) және қандай да бір органның шешімі бойынша (сұрау салу күні мен шешім нөмірін көрсете отырып) ақпаратқа қол жеткізу шектелгенін көрсету.
- Саясатыңыз бен тәжірибеңізді қалыптастыруда «Цифрлық құқықтар рейтингі» зерттеу жобасы шеңберінде әзірленген жол картасын қолдану.

6-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҮШІН ЦИФРЛЫҚ КӘСІПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Сессия болашақ экономика үшін кадрлар даярлауды және цифрлық мамандықтарға сұраныстың артуын талқылауға арналды. Сессия спикерлері Қазақстанның қазіргі жағдайындағы білім мен кәсіби қызмет арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ету үшін білім беру жүйесін трансформациялау үшін бірқатар шешімдер ұсынды.



Сессия спикерлері:

Сергей Пен, Maqsut Narikbayev University проректоры (ректор)

Дәулет Байдельдинов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Заң факультетінің деканы
Александра Кнышева, ҚБТУ gameLab жетекшісі, ҚБТУ IT және инженерлік мектебінің оқытушысы

Ержан Бимолданов, М. Есболатов атындағы ҚР ПИМ Алматы академиясы бастығының орынбасары, полиция полковнигі



Сессия модераторы: Ермек Рүстембек-ұлы, Цифрлық құқық орталығының басшысы

6-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҮШІН ЦИФРЛЫҚ КӘСІПТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

- Студенттер STEAM дағдыларын, атап айтқанда ғылым, технология, инженерия, өнер және математика дағдыларын дамытуы керек.
- Бүгінгі таңда «техникалық» мамандықтарда гендерлік теңгерімсіздік байқалуда, қыздарға техникалық және инженерлік бейімділікпен білім беру бағдарламаларын дамыту қажет.
- Тек қазіргі шындықтағы техникалық дағдылар жеткіліксіз, сонымен қатар студенттерде ойлау жасампаздығы, дағдылы емес және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуы керек.
- Студенттерді оқытуда жасанды интеллект құралдарын белсенді енгізу, зерттеу және пайдалану қажет.
- Студенттерге білім беру процесі, жаңалықтар, кесте және т. б. туралы барлық қажетті ұйымдастырушылық ақпаратты бірден ала алатын студенттерге ыңғайлы болу және төрешілдік процестерді жеңілдету үшін университеттің үйлестіру қосымшаларына ChatGPT сияқты тілдік модельдерді енгізуге болады.
- Студенттерге негізгі ойлау процесін емес, ЖИ-ге «кертартпалық» жұмысты тапсырғанын дәлелдей алатын жағдайларда ғана жауапты пайдалану шартымен ЖИ-ді қолдануға рұқсат берген жөн.
- Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, кез келген кәсіпті оқытудың тиімділігін арттыруға болады.
- Бүгінгі таңда киберқылмыстардың саны қарқынды түрде артып келеді және динамика өсе береді, осыған байланысты осы тұжырымдаманың кең мағынасында киберқауіпсіздік саласында мамандар даярлау қажет.
- Студенттердің ғана емес, қазірдің өзінде жұмыс істейтін мамандардың дағдылары мен біліктілігін арттырудың мамандандырылған білім беру бағдарламалары қажет.

7-СЕССИЯ: ЖАҢАҢДАҢҒАН НАРЫҚТАҒЫ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РЕТТЕУ

Жаһанданған нарықта онлайн-платформаларды реттеу мәселесі өзекті және күрделі болып табылады. Ол инновацияларды ынталандыру, барлық тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және әртүрлі елдер мен аймақтардың ерекшеліктерін ескеру арасындағы тепе-теңдікті талап етеді. Ұлттық реттеудің мүмкіндіктері қандай? Реттеудің қандай аспектілері қажетсіз және зиянды немесе керісінше қажет? «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» Заңның енгізілуі нені білдіреді? Осы және басқа да мәселелерді Qazaqstan IGF панельдік сессиясының спикерлері талқылап, өз жауаптарын беруге тырысты.



Сессия спикерлері:

Юлия Хаас, ЕҚЫҰ өкілдігінің БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі қызметкері

Арман Әбдірасылов, The SecDev Foundation

Павел Көктышев, кәсіпкер және венчурлік инвестор, MOST Holding негізін қалаушы

Михаил Комиссаров, «Талдау және ақпарат орталығы» Шаруашылық Жүргізу Құқығындағы Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорнының директоры



Сессия модераторы: Ержан Сүлейменов, тәуелсіз медиа кеңесші

7-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЖАҢАҢДАНҒАН НАРЫҚТАҒЫ ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ РЕТТЕУ

- Ұлттық платформалар мен цифрлық стартаптар өлшеусіз, шамадан тыс реттеуге ұшырамауы керек.
- Онлайн-платформалардың бөлігі бойынша кез келген реттеуші нормалар жауапкершілікпен және пропорционалды түрде қолданылуы тиіс.
- Жаһандану процесі жыл сайын динамиканы арттыруда, өз кезегінде бұл болашақта ұлттық реттеушінің мүлдем қажет болмауына әкеп соқтыруы мүмкін, өйткені барлық деректер тек ірі шетелдік онлайн-платформаларда болады.
- Қазақстанда жаһандық онлайн платформалардың «шабуылдау» әрекеттеріне стратегиялық жауап жоқ. Ал жаһандық онлайн платформалар, керісінше, Қазақстанда стратегиялық көзқарас пен мақсатқа ие.
- Онлайн-платформаларды реттеуге қатысты Қазақстан ұстануға тиіс стратегия мен жол туралы түсінікті анықтау қажет.
- Мемлекет платформаларды реттеуге деген ұмтылыс пен адам құқықтарын сақтау кепілдіктеріне негізделген тәсіл арасындағы тепе-теңдікті қалай таба алады деген сұраққа жауап беру керек.
- Адам құқықтары жеке цифрлық платформалар да, мемлекет те назар аударуы керек фактор болып табылады.
- Демократиялық мемлекет пен адам құқықтарын сақтауға негізделген заңдар жағдайында да демократиялық қағидалардың сақталуына кепілдік беру үшін тәуелсіз халықаралық органның қажеттілігі сақталады.

8-СЕССИЯ: ЗАҢНАМАНЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ. ЦИФРЛЫҚ КОДЕКСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Аталған сессия шеңберінде Орталық Азиядағы интернет-реттеумен байланысты ең өзекті және күрделі тақырыптардың бірі, атап айтқанда цифрлық саланың барлық аспектілерін реттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық актіні құру туралы көтерілді. Спикерлер ҚР-дағы «Цифрлық кодекстің» қажеттілігін және бірыңғай цифрлық кодексті енгізудің артықшылықтары мен тәуекелдерін талқылады.



Сессия спикерлері:

Азиза Шужеева, Techno Women коммерциялық емес ұйымының президенті, «Цифрлық трансформация» ҚҚ негізін қалаушы

Николай Дмитрик, тәуелсіз сарапшы

Татту Мамбеталиева, «Интернет саясатының азаматтық бастамасы» ҚҚ директоры

Екатерина Смышляева, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Сессия модераторы: Ермек Рүстембек-ұлы, Цифрлық құқық орталығының басшысы

8-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЗАҢНАМАНЫ КОДИФИКАЦИЯЛАУ. ЦИФРЛЫҚ КОДЕКСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Қоғамда құқық қолдану тәжірибесі туралы түсінік болмағандықтан, цифрлық заңнаманы трансформациялаудың ашық және мөлдір процесі қажет.
- ҚР Парламенті жанынан цифрландыру жөніндегі жеке комитет құру қажет, өйткені депутаттық корпус тарапынан құзыреттер мен егжей-тегжейлі түсінік қажет.
- Қазақстан бүгінде цифрлық саланы сапалы реттеу мәселесінде кешігіп келеді, тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, қазіргі заманғы жеке бағыт ретінде цифрлық құқық саласындағы сараптама орталығының пайда болуы қажет.
- Ескі реттеу заңнамадағы заманауи процестердің қалыптасуына кедергі келтіреді.
- Әр уақытта әр түрлі салалық заңдарды өзгерту тиімсіз, жеке бірыңғай цифрлық кодексті қалыптастыру керек.
- Цифрлық кодексті қалыптастыру мәселесінде асығыстыққа жол берілмейді, қазақстандық цифрлық қоғамды дамытудың ерекшелігі ескерілуі тиіс.
- Қырғызстанның тәжірибесінде цифрлық кодексте контентті реттейтін нормаларды енгізуге болмайтындығы, зияткерлік меншікке байланысты нормаларды белгілеуге болмайтындығы туралы шешім қабылданды.
- Қырғызстанның тәжірибесі бойынша цифрлық кодексті қалыптастырудың барлық процесі ашық болуы тиіс. Қырғыз Республикасында цифрлық кодекстің мазмұны жасалғаннан бері құжат қарау үшін көпшілікке жарияланды.
- Цифрлық кодекс бірінғай платформаға айналуы тиіс, мысалы, Samsung және Xiaomi смартфондарында Android жасақтамасының әр түрлі нұсқалары бар, алайда платформа бір болып табылады. Осылайша, жеке қабықтарды түзету мүмкіндігі бар, технологиялардың серпінді дамуын ескере отырып, заңнамада бір бірыңғай платформа қажет.

- Цифрлық кодексті құжат ретінде қарастырудың қажеті жоқ, бірақ оны қауымдастық, оның ішінде халықаралық ретінде қабылдаған жөн, өйткені қауымдастық неғұрлым үлкен болса, соғұрлым ол тұрақты болады.

9-СЕССИЯ: ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БҰЗЫЛУҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Сессия интернетті басқару жүйесінің барлық мүдделі тараптарының, атап айтқанда интернеттің қауіпсіздігі, тұрақтылығы мен бұзылуға төзімділігінің негізгі міндетіне арналды. Сессияға қатысушылар Қазақстандағы және әлемдегі цифрлық инфрақұрылымның тұрақтылығымен байланысты жағдайды жан-жақты талқылады.



Сессия спикерлері:

Талғат Мұстағұлов, Төрағаның орынбасары, Ақпараттық қауіпсіздік комитеті, ҚР ЦДИАӨМ

Павел Гусев, KazNic Қазақ желілік ақпарат орталығының басшысы

Денис Сухачев, hoster.kz жетекшісі

Олжас Сатиев, TSARKA басшысы

Сессия модераторы: Ваган Овсепян, RIPE NCC сыртқы байланыс маманы

9-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ЦИФРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ БҰЗЫЛУҒА ТӨЗІМДІЛІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

- Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тұжырымдамасы ел деңгейінде киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуде барлық тараптар үшін тиімді тәсіл болып табылады.
- Әлеуметтік маңызды интернет-ресурстар үшін киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің алдын алу шараларына ерекше назар аударған жөн.
- Азаматтарға арналған үкіметтің EGOV mobile қосымшасында жақын арада «Азаматтарға арналған киберқауіпсіздік» бөлімі қосылатын болады, онда азаматтар деректері кез келген жерде жылыстаған жағдайда дереу хабарландырулар ала алады, сондай-ақ жеке цифрлық гигиена бойынша қосымша кеңестер ала алады.
- Дүние жүзіндегі барлық домендік атаулардың 50%-ы тек 5 ұйымның серверлерінде орналасқан, бұл инфрақұрылымның тұрақтылық коэффициентін біршама төмендетеді,

себебі бұл компаниялар үшін бұзылуға төзімділік талаптары өте жоғары болуы керек, себебі бұл серверлер кенеттен өшірілген жағдайда интернеттің жартысы жұмысын тоқтатады.

- Тұрақтылықты арттыру үшін цифрлық инфрақұрылымға мүмкіндігінше көп қатысушылардан жауапкершілік аймақтарын бөлу өте маңызды.
- Желілік инфрақұрылымның тиімді және тұрақты жұмыс істеуі үшін әр елде көптеген DNS түбірлік серверлерін орналастыру маңызды.
- Бэкаптар, қайталанатын серверлер және сервистер, барлық ақпараттың тұрақты резервтік көшірмесі цифрлық инфрақұрылымның ақауларға төзімділігін арттыруда маңызды бөлігін қамтамасыз етеді.

10-СЕССИЯ: КРИПТОВАЛЮТАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

Криптоиндустрия сарапшылары осы сессияда бизнес, мемлекет және қоғам үшін криптовалюталар мен блокчейн-технологиялар ұсынатын мүмкіндіктер мен тәуекелдер туралы айтып берді. Сондай-ақ, бүгінгі таңда Қазақстандағы криптовалюталардың құқықтық мәртебесі және оларды реттеу эволюциясы туралы тақырып қозғалды.



Сессия спикерлері:

Ягуб Заманов, АХҚО қаржы қызметтерін реттеу комитетінің қаржы технологиялары департаментінің директоры

Артур Сундетов, Block4 компаниясының CEO, блокчейн-архитектор, криптограф

Талғат Досанов, Biteeu Eurasia Ltd компаниясының негізін қалаушы және бас директоры, Eurasian Space Ventures атқарушы директоры

Рустам Набилов, Chief Operating Officer ATAIX

Сессия модераторы: Батырбек Умаров, Blockchain.kz қауымдастығының президенті

10-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: КРИПТОВАЛЮТАЛАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

- Бүгінгі таңда блокчейн технологиясы оны қазіргі өмірдің барлық дерлік технологиялық салаларында қолдану үшін барлық қажетті қасиеттерге ие.
- Қазақстанда криптовалюталарды реттеуде әлі де «ақ дақтар» жеткілікті, бұл осы нарықтың эволюциясын баяулатады.
- Көптеген жобаларды әзірлеушілер үшін реттеу процесін түсіну өте қиын болғандықтан, әзірлеушілер көбінесе криптоиндустриямен байланысты жобаларды жүзеге асырудан бас тартады.
- Реттегіште тіркеуге арналған бастапқы қаражаты жоқ шағын стартаптарда бүгінгі күні криптоға қатысты жобаларды құрудың нақты жолдары жоқ.
- АХҚО бағалы қағаздарды токенизациялау рәсімдерінің реттеуші рәсімдерін әзірлеуді жүргізеді.
- АХҚО нарық қатысушыларының пікіріне ашық, кез келген жаңа реттеуші нормалар мен НҚА енгізген кезде нарық ойыншыларымен ашық коммуникация, НҚА әзірлеудің барлық кезеңдерін ашық алаңдарда талқылау және т. б. орын алады.
- АХҚО реттеушісімен криптоиндустрия қатысушыларының «сағаттарын салыстыру» тәжірибесін енгізген жөн.
- Қазақстанның жүздеген мың азаматтары криптовалютамен байланысты скам-жобаларға үнемі түсіп отырады, сондықтан реттеушінің болуы мен дамуы маңызды.
- Қазақстандық крипто биржалар АХҚО-дан Ұлттық банкпен өзара іс-қимыл бөлігінде белгілі бір қолдау алғысы келеді, осылайша АХҚО биржалардың мемлекеттік құрылымдар алдындағы ұстанымын білдіре алады.

11-СЕССИЯ: ДЕРЕКТЕР САЯСАТЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР НАРЫҒЫН ДАМУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

Сарапшылар мен мемлекет, азаматтық сектор, бизнес және ғылыми орта өкілдері осы сессияда біздің еліміздегі деректер нарығының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы айтып берді. Шынында да, бүгінде бизнес те, жеке тұлғалар да жеке деректерді қорғау институтының қажеттілігі мен маңызды рөлін түсіне бастады.

Нақтырақ айтсақ, спикерлер Қазақстанда қандай деректер жиналатыны, сақталатыны, өңделетіні және берілетіні, цифрлық платформа иелері мен деректерді пайдаланушылар қандай құқықтар мен міндеттерге ие екендігі және тағы басқалар жөнінде айтып берді.



Сессия спикерлері:

Дана Өтеген, Maqсут Narikbayev University Жоғары құқық мектебі директорының орынбасары

Елжан Қабышев, «Digital Paradigm» қоғамдық қорының негізін қалаушы

Екатерина Смышляева, Парламент Мәжілісінің депутаты

Елена Седых, Dogovor24 негізін қалаушы, Founders Institute тәлімгері, VNTR capital серіктесі

Сессия модераторы: Руслан Дайрбеков, Eurasian Digital Foundation төрағасы

11-СЕССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ДЕРЕКТЕР САЯСАТЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕР НАРЫҒЫН ДАМУҒА ЖӘНЕ РЕТТЕУ

- Дербес деректер саласындағы заңнаманың «классикасы» өзгеруі тиіс және өзгереді.
- Қазір ҚР Парламентінде әзірленіп жатқан жаңа заң жобасында мемлекеттік бақылау институты енгізілуде.
- Дербес деректерді өңдеуге келісім берудің құқықтық институтын қайта қарау қажет.
- Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан және ұсынылып отырған кез келген бизнес тәжірибесі саясат пен технологиялардың жеке өмірге қол сұғылмаушылық үшін тәуекелдерді нивелирлеуді қалай қамтамасыз ететіні туралы ақпаратты қарастыру және ұсыну мүмкіндігі болуы үшін оның жеке өмірге қол сұғылмаушылық үшін салдарын бағалауды көздеуге тиіс.
- Дербес деректерді қорғау туралы еуропалық құқыққа ұқсас отандық заң шығарушылар GDPR (General Data Protection Regulation) Дербес деректерді қорғау жөніндегі бас регламенттің Data Protection Impact Assessment (DPIA) тәуекелдерін бағалаудың құқықтық тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыруы тиіс.
- Big Data технологияларын адал және тиімді пайдалану үшін қоғамда жеке өмірге қол сұғылмаушылық және дербес деректердің құпиялылығы құқығының сақталуын тәуелсіз бақылаудың заманауи және тиімді құқықтық құралдары болуға тиіс.
- Оператор тарапынан дербес деректер жылыстаған жағдайда уәкілетті органды хабардар ету рәсімін заңнамалық бекіту бастамасын қолдау және заң шығарушылардың назарын «дербес деректердің қауіпсіздігінің кез келген бұзушылықтарын, оның ішінде олардың мән-жайларын, салдарын және жағдайды түзету үшін қабылданған шараларды құжаттау» дербес деректерді өңдеу бойынша меншік иесі мен оператордың талаптарын бекіту қажеттілігі бөлігінде GDPR (Еуропалық Одақтың дербес деректерін қорғау жөніндегі жалпы регламент) «Дербес деректердің қауіпсіздігін бұзу туралы қадағалау органдарын хабардар ету» 33-бабына аударды.

12-СЕССИЯ: ТЕЛЕКОМ САЛАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ, 5G-ГЕ КӨШУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ

Qazaqstan IGF осы сессиясының спикерлері Қазақстандағы телеком саласын трансформациялауға тікелей байланысты бірқатар өзекті мәселелерді ашты:

- Қалалар мен ауылдарда тіркелген сымсыз қол жетімділік;
- Қазақстанның жетуге жолы қиын жерлерін интернетпен қамтамасыз ету үшін лицензияланбаған жиіліктерді пайдалану;

- Телеком саласының трансформация призмасындағы тұрақты даму мақсаттарын іске асыру.

Сала сарапшылары телеком-саланы цифрлық трансформациялаудың негізгі аспектілерінің бірі 5G ұялы байланысының жаңа буынына көшу болып табылатынын атап өтті. Бесінші буын заттар интернетін, бұлттық қызметтерді, мобильді қосымшаларды және цифрлық экономиканың басқа аспектілерін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Сондай-ақ, спикерлер ірі провайдерлер мен жеткізушілердің қызметтеріне жүгінбей, Қазақстанның шалғай өңірлерін жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету үшін «Open RAN 5G» ашық технологияларын (радиоға қол жеткізудің ашық желісі) қолдану тәжірибесімен бөлісті.



Сессия спикерлері:

Сергей Афанасьев, «OpenKZ» техникалық директоры

Михаил Вилков, CIS елдеріндегі Dell Technologies серіктестерімен OEM жұмыс жөніндегі менеджері

Данияр Аршабеков, Level 2 бас директоры

Сессия модераторы: Нұрбол Мейірманов, WISP нарығының өкілі, Level 2 тең құрылтайшысы

12-СЕССИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР: ТЕЛЕКОМ САЛАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ, 5G-ГЕ КӨШУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЕҢСЕРУ ЖОЛДАРЫ

- Қазақстанның ауылдық жерлерінде әлі де жоғары жылдамдықты интернеттің қолжетімділігі жетіспейді, халықты осы қолжетімділікпен қамтамасыз етудің барлық тәсілдерін қарастыру қажет.
- Урбанизация динамикасы мен туу қарқынының жоғарылауына байланысты ірі телекоммуникация операторларының интернет үшін қажетті инфрақұрылымды салуға уақыты жоқ, осыған байланысты жеке компанияларға базалық станцияларды және басқа да инфрақұрылымды ашық технологияларда еркін орналастыруға және іске қосуға мүмкіндік беру керек.
- Цифрлық теңсіздікті жою және жетуге жолы қиын орындарды интернетпен қамтамасыз ету шеңберінде жеке байланыс операторлары үшін радиожиліктерді ұсыну.
- Цифрлық экономиканың (5G) басымдығы бар ТД-жиілігін тарату стратегиясын әзірлеу.
- Мемлекет тарапынан жеке бастамаларға белсенді қолдау көрсетілуі керек, мысалы, жер мен жиіліктерді бөлу.

- «Open RAN» түріндегі ашық технологияларды интернетке жоғары жылдамдықты қол жетімділікті жеделдету үшін ірі телекоммуникациялық операторлармен бөлуге болады.
- Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру және индустрияда пәрменді экожүйені қалыптастыру үшін жабдық пен бағдарламалық жасақтаманың жеке вендорларының өзара тиімді ынтымақтастығына ұмтылу қажет.
- Цифрлық трансформация мемлекет деңгейінде әдемі уәделер болып қалмауы керек, трансформация процесіне мүмкіндігінше көп стейкхолдерлер қатысуы керек.
- Цифрлық теңсіздікті едәуір қысқарту үшін телекомның өзі де, тұтастай алғанда елдің экономикасы да өзгеруі керек.
- Телеком индустриясы, тұтастай алғанда, болашақта технологияның тек бір, шектеулі түрімен шектелмеу үшін сәулеттік-ашық шешімдерді енгізуге назар аударуы керек.

БАСПАСӨЗ БАСЫЛЫМДАРЫ

Қазақстандағы интернетті басқару жөніндегі 1-ші Ұлттық Форум баспасөзде кеңінен жарияланды. Форумда 16 БАҚ аккредиттелген. 21 жетекші БАҚ, соның ішінде телетрансляцияда, фоторепортаждарда және жаңалықтар мақалаларында айтылған.

БАҚ-ТА ЖАРИЯЛАУ:

- (1) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтуде](#)
- (2) Department of digital technologies of Zhetysu region, [The National Forum on Internet Governance Qazaqstan IGF 2023 is being held in Almaty](#)
- (3) «Іскер Қазақстан» республикалық газеті, [Qazaqstan IGF 2023: Қазақстан қауіпсіз цифрлық кеңістік құруда](#)
- (4) Zakon.kz. [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару жөніндегі бірінші ұлттық форумы өтті](#)
- (5) Хабар агенттігі [АЛМАТЫДАҒЫ QAZAQSTAN IGF-2023 ФОРУМЫНДА ІТ-ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ](#)
- (6) Хабар агенттігі, [бейнерепортаж](#)
- (7) gurk.kz жаңалықтар агрегаторы, [2023 жылғы 18 қазанда Алматы қаласында SmArt.Point аумағында Qazaqstan IGF 2023: Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтеді](#)
- (8) Жайық Пресс агенттігі, [Алматыда SmArt.Point аумағында Qazaqstan IGF 2023: Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтеді](#)
- (9) «Вечерный Алматы» газеті, [Алматыда алғаш рет Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтеді](#)
- (10) «Алматы Ақшамы» газеті, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтеді](#)
- (11) THE TECH, [Алматыда Qazaqstan Internet Governance Forum 2023 өтеді](#)
- (12) BIZ MEDIA Ақпараттық порталы, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару бойынша ұлттық форум өтті](#)
- (13) Respublika.kz. [«Президенттің өзі бірінші болып бастады». Интернетті өшіру қандай салдарға әкеледі](#)

- (14) Bluescreen.kz Жаңалықтар редакциясы, [2023 цифрлық құқықтарды сақтау рейтингі](#)
- (15) Optimism.kz Жаңалықтар, Сұхбат, Аналитика, [Qazaqstan IGF 2023: Қазақстан қауіпсіз цифрлық кеңістік құруда](#)
- (16) Параграф, [18 қазанда Алматыда «QAZAQSTAN IGF 2023» Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтеді](#)
- (17) Құқықтық медиа орталығы, [Алматыда «QAZAQSTAN IGF 2023» Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтіп жатыр](#)
- (18) ҚазМедиаЖелі / КазМедиаСеть, [Форум туралы](#)
- (19) 018.kz Абай облысының жаңалықтар басылымы, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару жайлы Ұлттық форум өтуде](#)
- (20) ER.KZ бизнес, стартаптар және IT-технологиялар туралы интернет-басылым, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 ұлттық форумы өтуде](#)
- (21) Ресей Экспорттаушылары. Бірыңғай ақпараттық портал, [Алматыда Qazaqstan IGF 2023 Интернетті басқару жөніндегі ұлттық форум өтуде](#)

БАЙЛАНЫСТА БОЛЫҢЫЗ



[Qazaqstan IGF](#)



[Qazaqstan IGF](#)



[Qazaqstan IGF](#)

БАЙЛАНЫС ТҰЛҒА

**QAZAQSTAN IGF ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕРНЕТТІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҰЛТТЫҚ ФОРУМ**

**ҮЙЛЕСТІРУШІ QAZAQSTAN IGF
ВАДИМ МЕЛЯКОВ**

Алматы, Қазақстан, SmArt.Point, М.: +7 (775) 007-81-99
Электрондық мекенжайы: igf@igf.kz